

## **Жақып Ақбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 қазан 1992 ж. N 820

Алғашқы қазақ заңгерлерінің бірі, көрнекті қоғамдық және саяси қайраткер Жақып Ақбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих және этнография институтының:

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің, Е. Букетов атындағы Караганды мемлекеттік университетінің заң факультеттерінің үздік студенттері үшін Ж. Ақбаев атындағы бір-бірден стипендия тағайындау жөніндегі:

Қарқаралы қаласында Жақып Ақбаевка бюст орнату жөніндегі;

Ж. Ақбаевтың Қарқаралы қаласында және Қарқаралы ауданындағы Жамбыл атындағы совхоздың "Милыбұлақ" бөлімшесінде тұрған үйлерінде мемориалдық тақта орнату жөніндегі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігімен, Караганды облысы әкімімен келісілген ұсыныстары қабылдансын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі